



## ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ПЕДАГОГИКА

УДК 37: 001.895

**Р. И. Джусупкалиева**, техника ғылымдарының магистрі  
Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

### ТЕХНИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

#### Аннотация

«Мұнай-газ ісі» мамандығының жоғары курс топтарында арнайы техникалық пәндерді оқытуда инновациялық технологияларды енгізу бойынша салыстырмалы талдау жасау экспериментінің нәтижесі қарастырылған.

*Түйін сөздер: инновациялық технология, эксперимент, техникалық пәндер.*

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу[1], білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп көрсетілген.

Сабақтарда инновациялық әдістерді қолдану арқылы студенттердің танымдық қызығушылығымен қатар мазмұндық, іс-әрекеттік, ұйымдастырушылық-әдістемелік, практикалық өндірістік т.б. қызметтерде жан-жақты белсенділік көрсетуі күшейеді. Инновациялық әдістемені қолдану ең алдымен студенттердің сабаққа қызығушылығын арттырудың себебіне айналады[2]. Студенттердің іс-әрекетке танымдық, кәсіптік дербестігін сабақтарда инновациялық әдістемесін қолдану негізінде дамыту жеке тұлғаның дүниетанымдық, құндылық бағдарын қалыптастырумен өзара тығыз байланыста өтеді. Әдістемелік әдебиеттердегі тиімді ұсыныстар, оқытудың алдыңғы қатарлы үлгісі және өзіміздің іс-тәжірибеміз сабақтарда инновациялық әдістемесін қолдануға байланысты жүзеге асырудың төмендегі түрлерін саралауға негіз болды:

- оқытылатын материалдардың мазмұны бойынша;
- қалыптастыруға тиісті білік түрлеріне байланысты;
- оқытудың әдістері мен құралдарына байланысты.

Техникалық пәндер ішінен осы мақалада «Ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау» пәні мысалы ретінде алынды.

Ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау сабақтарында инновациялық әдістерді қолдану төмендегідей мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- студенттердің жалпы және кәсіптік пәндерден алған білімдерін іс жүзінде пайдалану дағдысын қалыптастыруға;
- жаңа технологияларды пайдалану арқылы білім беруді ақпараттандыруды кеңінен қолдануға;
- оқу материалын студенттердің білім деңгейіне лайықтап пайдалану арқылы олардың ойлау қабілеттерін дамытуға;
- кіріктірілген білім негіздері арқылы болашақ мамандардың өндірістік қызметіне қажетті ұғымдарды саналы меңгеруіне мүмкіндіктер туады.

Сонымен қатар осы пәнді оқытуда инновациялық технологияларды енгізу бойынша салыстырмалы талдау эксперименті жүргізілді.

Анықтау экспериментінің негізгі мақсаты:

- ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау пәнінен инновациялық оқытуды ұйымдастыру жағдайын зерттеу және талдау;
- мұнай, газ өңдеу және мұнайхимия саласы мамандықтарының студенттерінің зерттеліп отырған мәселеге сәйкес білім деңгейін анықтау.

Экспериментке дайындау кезеңінде эксперименттік және бақылау топтарында студенттердің ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау пәнінен білім деңгейін анықтау мақсатымен тест жұмыстары жүргізілді, олардың нәтижесі бойынша талдау жүргізілді.

Экспериментке қатысқан екі топтың бақылау жұмысының нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 1).

1 кесте – Бақылау жұмысының нәтижесі

Топтар	Оқушы саны	Бағалар								Оқу сапасы,%
		5	%	4	%	3	%	2	%	
Бақылау тобы	15	6	40	7	46,7	2	13,3	-	0	84
Эксперименттік тобы	16	9	56,3	6	37,5	1	6,2	-	0	89

Эксперименттің бұл кезеңінде іскерлік ойын, пресс-конференция, «Саналық шабуыл» түрінде дәріс, БАОӨЖ, бақылау, талдау, тестілеу әдістері пайдаланылды (2 кесте).

Жоғарыда көрсетілген кестедегі көрсеткіштері бойынша эксперимент өткізгеннен кейін қорытынды бақылау нәтижесінде студенттердің эксперимент енгізілген тобындағы білім деңгейінің жоғарылығы, инновациялық әдістермен пәнді жоғары меңгерілгені байқалды. Сондықтан да студенттер берілген тест сұрақтарды жақсы орындады. Экспериментке қатысқан 16 студенттің 56,3 пайызы жоғары, 37,5% орта, 6,2% төмен баға алды. Жалпы оқу сапасының нәтижесін салыстырғанда эксперимент енгізілген топтың үлгерімі 89 пайыз, бақылау тобында 84 пайыз. Бақылау нәтижесі бойынша эксперимент енгізілген топтың үлгерімі сәйкесінше жоғары.

2 кесте – Инновациялық әдістерді жүзеге асыру түрлері

Тақырып	Инновациялық әдістің түрі	Әдістің қысқаша сипаты мен құралдары
1. Жербедеріне және кен орнының көлеміне байланысты саңылаусыздан дырылған ұңғыма өнімдерін жинау жүйелері	«Таза бет» семинары	Топ екіге бөлініп, үйге екі сұраққа баяндама дайындауға беріледі. Сабак барысында баяндама оқылып, қарсы команда студенттері туындаған сұрақтарын жазып, баяндама соңында сұрақтар береді, сұрақтарға баяндама оқыған команданың тындаушылары жауап беруге керек. Теориялық мазмұн байланысын дәлелдейтін іс әрекет (ауызша және жазбаша шешім қабылдау, жоспарын құру т.б) Проблемалық эвристикалық, репродуктивтік, алгоритмдік, шығармашылық, көрнекілік зерттеу т.б. Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
2. Ұңғы өнімін есепке алу	Пресс-конференция дәрісі	Пресс-конференция түріне сәйкес жүргізіледі: Оқытушы студенттерге дәріс тақырыбын айтып оларға жазба түрінде сол тақырып бойынша сұрақтар беруін сұрайды. Әр бір студент 2-3 минут аралығында сұрақ дайындап оқытушыға береді. Оқытушы сұрақтар бойынша дәрісті жүргізеді. Дәріс аяғында берілген сұрақтардың жауаптары беріледі. Тәжірибе, бақылау, талдау, салыстыру, қорытындылау. Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
3. Мұнай эмульсиялары	Іскерлік ойын «Мұнайшылар марафоны»	Құралдары: химиялық реактивтер, тестік тапсырмалар Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
4. Мұнайды газды айыру	Іскерлік ойын - Командалық жарысу – семинары	Топ екі командаға бөлініп, әртүрлі тапсырмаларды орындайды: Мұнайды кен орындарында дайындау технологиялық сұлбаларын дайындау; блиц-сұрақтарға жауап беру; реклама дайындау. Құралдары: деңгейлік тапсырмалар, жұмыс дәптері

2 кестенің жалғасы

5. Мұнайды кен орындарында дайындау	«Жобалаушы» іскерлік ойын	Топ екі командаға бөлініп, әртүрлі тапсырмаларды орындайды: Мұнайды кен орындарында дайындау технологиялық сұлбаларын дайындау; блиц-сұрақтарға жауап беру; жарнама дайындау. Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
6. Су айдау жүйесінде қолдану үшін тұщы және ағынды суды	Іскерлік ойын	Топ екі команда бөлініп, әртүрлі тапсырмаларды орындайды: Мұнайды кен орындарында дайындау технологиялық сұлбаларын дайындау; блиц-сұрақтарға жауап беру; жарнама дайындау. Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.

дайындау		
7. Ілеспемұнай-газын тасымалдауға дайындау	«Саналық шабуыл» дәріс	Ілеспе мұнай газын тасымалдауға дайындаудың толық процесстері ашылып беріледі: құрғатудың үш әдісі-ТТС, адсорбция, абсорбция; газды күкіртсутегінен тазарту; газды көмір қышқылынан тазарту. Құралдары: технологиялық сұлбалары слайтары, сөздіктер т.б.

Анықтау экспериментінің нәтижесі біздің алға қойған мақсатымызды орындауға мүмкіндік туғызды. Яғни, осы нәтижеге сүйеніп келешек жұмыстың жоспары жасалды:

- ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау пәнінің оқу бағдарламасында инновациялық әдістер енгізіліп дайындалды;

- «ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау» пәнінде білім алушылардың оқытушылармен өзіндік жұмыстарын іскерлік ойын әдісімен өткізу қолайлылығы анықталды;

Пресс-конференция, «Саналық шабуыл» сияқты әдістерін дәріс сабақтарына қолданылған қолайлығы анықталды.

Қалыптастыру экспериментінің алдына мына мақсат қойылды:

- бақылау және эксперименттік топтарында «Ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау» пәнді оқытуда инновациялық технологияларды енгізу арқылы салыстырмалы талдау;

- эксперименттің нәтижесін салыстыра отырып, оқытудың тиімділігін анықтау;

- эксперимент түрінде сабақтың өткізілу сапасын тексеру.

Студенттердің «ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау» пәні бойынша алған білімдерінің нәтижесін анықтау инновациялық әдістермен сабақтарды жүргізудің қалыптасу деңгейі бойынша бағаланды.

*төмен:* танымдық қызығушылығы, белсенділік қабілеттері төмен, пәндер мазмұнын байланыстырып қарастыруға жаттықпаған, оны оқу және кәсіби әрекетінде қолдану дағдысы жоқ. Берілген тапсырманы үстірт орындайды, жұмыс орындау әдістерін таңдауда шығармашылық қабілеттерін көрсете алмайды.

*орта:* тұлғалық-белсенділік қалыптаспаған, өздігінен жұмыс орындау деңгейлері нашар. Оқу әрекетінің барлық түрі бойынша оқытушының көмегін керек етеді. Білімдерін өндірістік жағдаймен байланыстыруды көрсете алмайды.

*жоғары:* әр пәннен алған білім мазмұнын байланыстыра алады. Берілген тапсырманы өздігінен орындайды. Қажетті материалды өзі іздеп таба алады. Теориялық материалдардың мазмұндық сабақтастығын талдап көрсету мүмкіндігі қалыптасқан.

Осы бақылаудың нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 3).

3 кесте – Қалыптастыру эксперименті бойынша білім деңгейлері

Деңгейі	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Жоғары	40%	56,3%
Орта	46,7%	36,5%
Төмен	13,3%	6,2%

Кестеден бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топ студенттерінің білім сапасының жоғарлағанын байқауға болады.

Анықтау және қалыптастыру эксперименттеріндегі көрсеткіштерді салыстыра келе, бекіту кезеңінің нәтижесі шығарылды. Эксперименттік топта пәннің сабақтарын жоғарыда берілген әдістері бойынша өткізу және оқыту оның тиімділігін көрсетті. Эксперименттік топта студенттердің үлгерімінің деңгейі жоғары болды [3].

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Бордовская Н.В. Гуманитарные технологии в вузовской образовательной практике: теория и методология проектирования: учебное пособие / Н.В. Бордовская. – СПб.: РГПУ им. А. И. Герцена, 2007. – 384 б.

2 Кирикова М.И. Современные методы обучения в вузе / Московский гуманитарный педагогический институт. – Москва. – 2014. – 86 с.

3 Джусупкалиева Р. И. НГДР-41, НГДР-43 топтарында «Ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау» пәнін оқытуда инновациялық технологияларды енгізу арқылы салыстырмалы талдау жасау экспериментінің есебі / Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. – Орал, 2015.

**РЕЗЮМЕ**

Рассмотрены результаты сравнительного анализа показателей эксперимента по внедрению инновационных методов в обучении технических дисциплин в старших курсах специальности «Нефтегазовое дело».

**RESUME**

It was considered the results of comparative analysis of experiment on introduction of innovative methods in educating of technical disciplines in the senior courses of speciality "Oil and gas business".

УДК:37.013:17(574)

**Д. Г. Менешев**, старший преподаватель кафедры «Экология и природопользование»,  
**А. Т. Сайфуллина**, студентка 3 курса группы ЭЛ-32  
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск, РК

**ЭТНОЭКОЛОГИЯ КАЗАХСТАНА  
КАК СРЕДСТВО НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ****Аннотация**

Этноэкология – это наука, изучающая взаимоотношения человека сокружающим миром и представления о нем в рамках традиционной культуры, а также влияние культурных установок на современные взаимоотношения с природой и окружающим миром в целом. В качестве направления в природоохранной деятельности этноэкология выявляет и пропагандирует традиции неразрушающего природопользования; выявляет культурно-обусловленные причины природоразрушающего поведения человека и возможные методы коррекции. В качестве направления в педагогике этноэкология использует сбор и изучение информации о традиционной культуре для воспитания эко-ориентированного типа личности; изучает и использует опыт этнопедагогики.

***Ключевые слова:** этноэкология, нравственное воспитание, родная природа, история, поэтическое наследие, традиционная культура.*

Поэтическое наследие казахского народа содержит немало завораживающих картин красоты родной земли, ее безбрежных просторов, белоснежных громад альпийских гор, лазурных гладей озер... Степные барды-акыны сравнивали своих возлюбленных с пугливой ланью, их наряды – с переливающимся блеском павлиньих перьев, а их нежность – с мягкостью лебяжьего пуха.

Совершая исторический марафон из глубины веков до сегодняшнего дня, можно проследить за эволюцией народа. Они убедительно доказывают неразрывность связи человеческой культуры, особенно нравственно-эстетического развития с родной природой.

Степь при ее красоте и богатстве в экологическом плане всегда была очень уязвима. Симптомы возможной эрозии и оскудения степи были хорошо известны кочевникам. Этот фактор учитывался при составлении маршрутов перекочевков. Все виды скота круглогодично находились на подножном корме, перегоняемые с места на место по мере скармливания и хаотичности, и подчинялись строго продуманной системе, заключающейся в том, что для каждого сезона года выделялись определенные территории, пригодные именно в данное время для укрытия от непогоды.

Система маршрутов перекочевков и распределения пастбищ по сезонам была очень рационально построена и учитывала климатические, растительные, водные и прочие условия. Нарушения этой системы допускались только в экстремальных случаях (война, эпидемия). Благодаря такому традиционному порядку стравливания пастбищ, каждое из них получало «отдых» в течение нескольких месяцев, что предотвращало разрушение почвенного покрова степи[1].

Забота о земле являлась святым делом.

Кочевой уклад, скотоводческое хозяйство способствовали интенсивному развитию богатого устно-поэтического творчества, народной музыки и прикладного искусства, источником которых является природа[2].

Устно-поэтическое творчество казахов исключительно богато и многообразно: эпос, песни, сказки, легенды, пословицы, поговорки народные афоризмы, крылатые выражения, загадки и т.д. имена их создателей неизвестны. Казахский народ показывал и показывает в устно-поэтическом слове свое отношение к жизни, рассказывает свою историю.